

**А.М. Бейкутова<sup>1\*</sup>**, **М.Е. Закирова<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, Қазақстан, Алматы қ.

<sup>2</sup>Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті, Қазақстан, Алматы қ.

\*e-mail: a.beikutova@mail.ru

## **ЖУРНАЛИСТІҢ МЕДИА КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІНІҢ ЖІКТЕЛІМІ**

Мақалада болашақ журналист маманның Болон үдерісіндегі оқу жүйесінде қалыптастыратын медиакоммуникативтік құзіреттіліктері туралы айтылады. Шетел тілі жоғары оқу орындарында міндетті компонент ретінде оқытылады, соған сәйкес болашақ журналистің өз мамандығымен байланысты шеттілдік медиакоммуникативтік құзіреттіліктері де қалыптасатыны белгілі. Бұл құзіреттілік шет тілінде арнайы теориялық білімдер арқылы берілмегенмен, оқу материалындағы шағын мәтіндер, тілашар сөздіктер, аударма сөздіктер, семантикалық материалдар, оқылым, жазылым арқылы берілген публицистикалық материалдар негізінде қалыптасады деп санаймыз. Сонымен қатар кез келген мамандық студенттері басқа тілде білім алады, сол кезеңде өз кәсіби мамандығына сәйкес шет тілінде білімді игеретін болса, құзіреттілігі арта түседі. Шеттілдік медиақұзіреттілік қазіргі оқу жүйесіндегі қосдипломдық (двудипломность) білім алуда да өте маңызды. Осы орайда, болашақ маман шетелдік массмедиа туралы мәліметпен қоса, менталитетті де меңгереді. Осы себептен шеттілдік білім беруде қалыптасатын құзіреттіліктердің деңгейі жоғары болуы шарт. Болашақ журналистердің кәсіби білім алу жүйесіндегі шеттілдік медиакоммуникативтік құзіреттілігін қалыптастыру процесі қарастырылатын бұл мақалада 8 түрлі медиақұзіреттілікке талдау жасалады. Сонымен қатар ғылымда танылған құзіреттіліктерге қоса заңдық құзіреттілікті де игеру қажет екенін баса айтқымыз келеді. Себебі журналистің кәсіби қызметінде мүмкін болатын және жасауға тыйым салынатын жағдайлар кездеседі. Сондықтан да болашақ мамандар негізгі кәсіби құзіреттілікке қоса заңдық құзіреттілікті де меңгергені жөн.

**Түйін сөздер:** журналистика, медиакоммуникативтік құзіреттілік, шеттілдік білім, медиасуаттылық, заңдық құзіреттілік, білім беру жүйесі.

A.M. Beikutova<sup>1\*</sup>, M.E. Zakirova<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages, Kazakhstan, Almaty

<sup>2</sup>Kazakh National Agrarian Research University, Kazakhstan, Almaty

\*e-mail: a.beikutova@mail.ru

### **Classification of media communicative competencies of a journalist**

The article describes the media communication competencies that a future journalist develops in the educational system of the Bologna Process. It is known that a foreign language is taught as a compulsory component of higher education, according to which a future journalist develops the skills of communicating with foreign media related to his specialty. Although this competence is not transferred through special theoretical knowledge of a foreign language, we believe that it is formed on the basis of topics in educational materials, dictionaries, translation dictionaries, semantic materials, journalistic materials provided through reading and writing. At the same time, students of any specialty receive a foreign language education, respectively, if students acquire knowledge in a foreign language in accordance with their professional direction, their level of competence rises. Foreign language media communication competence is also very important in the double degree system in the modern educational system. In this case, the future specialist will learn not only about foreign media, but also about the mentality. For this reason, the level of competencies formed in foreign language education should be high. The article examines and analyzes 8 types of media competencies, in which the process of forming foreign media and communicative competencies of future journalists in the system of professional education is considered. We would also like to emphasize the need to develop legal competencies in addition to those recognized in science. Because in the professional activity of a journalist there are situations that are possible in the organization and broadcasting, but prohibited at the legislative level. Therefore, in addition to basic professional competencies, future professionals should also have legal competencies.

**Key words:** journalism, media and communicative competence, foreign language education, media literacy, legal competence, education system.

А.М. Бейкутова<sup>1\*</sup>, М.Е. Закирова<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Казахский университет международных отношений и мировых языков  
имени Абылай хана, Казахстан, г. Алматы

<sup>2</sup>Казахский национальный аграрный исследовательский университет, Казахстан, г. Алматы  
\*e-mail: a.beikutova@mail.ru

### Классификация медиакоммуникативных компетенций журналиста

Статья посвящена развитию медиакоммуникативных компетенций будущего журналиста в образовательной системе согласно Болонского процесса. Известно, что иностранный язык изучается как обязательный компонент высшего образования, согласно которому будущий журналист развивает навыки общения с зарубежными журналистами и работы с иностранными СМИ. Хотя эта компетенция не передается через специальные теоретические знания иностранного языка, мы полагаем, что она формируется на основе тем в учебных материалах, словарях, словарях переводов, семантических материалах, журналистских материалах, предоставляемых посредством чтения, письма. При этом студенты любой специальности получают иноязычное образование, соответственно, если студенты приобретают знания на иностранном языке в соответствии со своим профессиональным направлением, их уровень компетенции повышается. Иноязычная медиакоммуникативная компетенция также очень важна в системе подготовки кадров по программам двойного диплома. В этом случае будущий специалист узнает не только о зарубежных СМИ, но и о менталитете другого народа. По этой причине уровень компетенций, формируемых в иноязычном образовании, должен быть высоким. В статье рассматриваются и анализируются 8 типов медиакомпетенций, в которых рассматривается процесс формирования зарубежных медиа и коммуникативных компетенций будущих журналистов в системе профессионального образования. Мы также хотели бы подчеркнуть необходимость развития юридических компетенций в дополнение к признанным в науке, потому что в профессиональной деятельности журналиста есть ситуации, которые возможны в организации и трансляции, но запрещены на законодательном уровне. Поэтому помимо базовых профессиональных компетенций будущие профессионалы должны обладать еще и юридическими компетенциями.

**Ключевые слова:** журналистика, медиа и коммуникативная компетентность, иноязычное образование, медиаграмотность, правовая компетентность, система образования.

### Кіріспе

ЖОО-да кез келген маман иелерін дайындауда шетел тілі оқытылады. Қазақстанның білім беру жүйесінде шетел тілі негізгі базалық пәндер қатарында оқытылады. Бұл – маман иелерінің негізгі оқуға тиісті деп саналатын пәндерінің қатарына жататындықтан, игеру міндетті. Сонымен қатар, шетел тілін меңгеру кезінде сол мамандықтың негізгі тіні ескерілуі керек. Нақтылай кетсек, шеттілдік білімнің кіріспе кезеңі «шетел тілі» пәнінің шеңберінде, ал мамандыққа бағытталған шетел тілі «кәсіби шетел тілі» пәнінің шеңберінде қамтылады. Мәселен, білім алушы студенттер журналистика саласында оқып жүрген болса, онда міндетті түрде шетел тіліндегі журналистік материалдар туралы мәліметтермен қарулану керек. Отандық қана емес шетелдік ақпарат көздерімен жұмыс жасау шетел тілінің қажеттілігін арттырады. Шетел тілі және оның кәсіби бағытталған курсы – жан-жақты әдістемелік жұмысты қамтитын процесс. Журналистика мамандығын игеру мақсатында білім алатын студент тек журнали-

стика саласы материалдарымен ғана емес, кез келген саланың материалдарымен танысқаны да жөн. Себебі журналист – өмірдің барлық саласынан хабардар, әмбебап маман болуы шарт. Өйткені, оның міндеті – дәлелденген, толықтай сенімді фактілерге негізделген ақпаратты тарату, ал біз білетіндей, ресми жария болған ақпарат құжат.

Соңғы жылдары жаһандану үдерісі кезінде білім беруді жаңа электронды, цифрлық ғылыми-әдістемелік құралдармен қамтамасыз ету қолға алынуда. Мамандарды кәсіби тұрғыда даярлаудың жаңа мазмұны мен методологиясын (әдіснамасын) шеттілдік құралдармен беру – дәл бүгінгі білім беру жүйесінде заман талабына сай деп білеміз. Біздің зерттеу мақаламыздың тақырыбына сәйкес, тек қана ғылыми-әдістемелік құралдармен ғана емес, медиақұралдармен де қамтамасыз етіп, медиакоммуникативті құзыреттілігімен қамтамасыз ету қажет деп санаймыз.

Қазақстандық оқу орындарының Болон үдерісіне көшкендігі отандық дипломның өзге Еуропа елдерінде мойындалатындығымен ұтымды екендігін, сонымен қатар білім алушы бола-

шақ маман үшін маңызды екендігін айтқымыз келеді. Сол себептен шеттілдік кәсіби дайындық болашақ мамандардың Қазақстанның жоғары кәсіби білімін модернизациялаудың негізгі бағыттарының бірі болуы әбден мүмкін.

Сайып келгенде, бұл модернизациялау бағыты болашақ жас мамандардың шеттілдік медиакоммуникативті құзыреттілігін қалыптастыра даярлаудың жоғары кәсіби міндеттерін шешу қабілетін қамтамасыз етеді.

Зерттеу нысаны – болашақ журналистердің кәсіби білім алу жүйесіндегі шеттілдік медиакоммуникативтік құзыреттіліктері.

Зерттеу мақсаты – журналистика мамандығын игеріп жатқан болашақ мамандардың шеттілдік медиакоммуникативті құзыреттілігінің жіктелімін жасау.

### Зерттеу материалдары мен әдістері

Қазіргі уақытта білім беруді дамытуда біржақты анықталған танымдық және белсенділік компоненттері бар шеттілдік медиакоммуникативті құзыреттілікті маман даярлаудың пәндік-орталықтандырылған моделінен жеке, бағдарлы, дамытушы кәсіби білімді игерген маман даярлауға көшу үдерісі байқалуда.

Зерттеу мақаласын жазуда жинақтау, саралау, жіктеу, топтау, эмпирикалық, статистикалық әдістері пайдаланылды.

Жүргізілген зерттеу нәтижесінде мұндай құзыреттілікті игеру туралы мәселе әлемдік, сондай-ақ, шетел және орыс ғылымында Н.Д. Гальскова, И.Л. Бим, А.М. Павлов, А.Н. Шамов, Н.Ф. Коряковцеваның еңбектерінде айтылған.

Ғылыми зерттеулерді талдау көрсеткендей, шет тіліндегі білім беру саласында коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру проблемалары (Е.Р. Поршнева, Н.Д. Гальскова, И.Л. Бим, О.Г. Полякова, және т.б.) қызығушылық тудырады, В.В. Сафонова, П.В. Сысоев, О.Г. Оберемко, Е.И. Пассов сынды зерттеушілер мәдениетаралық қарым-қатынастағы әлеуметтік-мәдени және мәдениетаралық құзыреттілік мәселесі – қарастырылуға тиіс өзекті тақырыптарының бірі болуы қажеттігін айтады. А.С. Андриенко, А.А. Вербицкий, О.Ю. Искандарова, Е.В. Клименко, т.б. сынды зерттеушілердің көпшілігі коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыруды мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырумен байланыстырады.

Әртүрлі саладағы кәсіби мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру

мақсатына қол жеткізу үшін бүгінгі таңда білім беруде кеңінен қолданылатын шет тілін оқытуға психологиялық-педагогикалық тәсілдер ықпал етеді. Л.Г. Выготский, П.Я. Халперин, И.А. Зимняя, А.А. Миролубов, Е.И. Иассов, В. Сафонова, С.Г. Тер-Минасова, Г.И. Щукина және т.б. зерттеулерінің нәтижесінде болашақ жас мамандардың коммуникативтік құзыреттіліктері түрлі аспектілер арқылы қарастырылды.

Мәселен, мұғалімдердің құзыреттіліктерін Е.В. Гармаева, Ю.Г. Резникова, офицерлердің коммуникативтік құзыреттіліктерін О.В. Фадеекина, құқықтану саласындағы мамандардың қарым-қатынас құзыреттілігі С.Е. Зайцева, Э.Б. Терехова, А.Б. Храмованың зерттеулерінде жазылып, мақала, жоба, диссертация түрінде қарастырылды.

Жоғары оқу орындарында мамандарды даярлаудың заманауи деңгейін қамтамасыз ететін тиімді құралдарының бірі – интерактивті оқыту, дидактиканы қолдану негіздері. Білім беру процесінде интерактивті оқыту формаларын И.Г. Абрамова, Н.П. Анисеева, А.А. Вербицкий (Вербицкий, 2004: 84)[1], А. М. Смолкин, И.И. Иванова, И.М. Сыроежкин, Н.В. Борисова (Борисова, 2000:146)[2] және т.б. әзірледі: интерактивті формалар мен әдістерді қолданудың әртүрлі аспектілері. оқу барысында Е.А. Рогинко, Р.М. Рафикова, И.С. Пешня, Л.Ш. Четверикова т.б. зерттеді. Мысалы, И.С. Пешня әскери оқу орындарындағы білім алушылар мен білім берушілердің құзыреттіліктеріне мән береді (Пешня, 2005: 176)[3]. Ғалым интерактивті оқыту жүйесін таңдаған кезде мынадай құзыреттіліктер қалыптасады деп санайды: болашақ заң қызметкерлерінің ақпараттық тұрғыда сауатты болуы; кез келген ақпараттың дұрыс-бұрыстығын талдай алуы (Цыренжапова, 2011:178)[4].

Р.М. Рафикова өз жұмысында интерактивті оқытуды студенттердің шығармашылық қабілеттеріне назар аударып, дамыту құралы ретінде қарастырады (Рафикова 2007:186)[5].

Е.В. Рогинко техникалық университет студенттерінің шетелдік кәсіби қарым-қатынасын оқытудың интерактивті әдістерін қолданудың артықшылығын: (В1) деңгейде қолдануға негізделген арнайы курс құрудың әдістемелік-дидактикалық принциптерін көрсету арқылы, шетел тілін меңгерудің кәсіби (В1 деңгей) деңгейіне қойылатын түрлі талаптарды іске асыратын 3 курс (5-6, 8 семестр) үшін студенттердің мамандығы бойынша мәтіндер

негізінде шет тілді кәсіптік қарым-қатынастың арнайы курсымен өткізумен байланыстырады. Сонымен қатар Е.В. Рогинко: «Необходимым средством эффективного обучения иноязычному профессиональному общению выступают интерактивные методы реализующие деятельностный развивающий и интегративный характер содержания спецкурса апробированного в опытном обучении» деген пікір білдіреді (Рогинко, 2010: 169)[6]. Бұл пікірді біз де осы мақаланы жазу барысында оқып, зерттеуімізге болашақта әдіснамалық құрал ретінде пайдаланамыз деген ойдамыз.

Сонымен қатар қазіргі жаһандану кезінде, технология дамып, күнделікті ақпараттар ағынымен адамзат баласы ұшырасып, кездесуде маңызды деп танылатын осы медиакоммуникативтік құзіреттіліктер санаты да жатады.

Яғни, құзіреттіліктердің ішіндегі ең маңыздысы қазіргі ақпараттар ағыны қатты кезеңде кеңістіктен өзіне қажеттісін тани алу құзіреттілігі маңызды деп саналады. Ақпаратты іздеу, талдау, мәліметтер қатарына сыни тұрғыдан бағалау, медиамагнәтіндерді тарату секілді құзіреттіліктер сол ақпаратты қабылдаушы тұлғаның өзі үшін де өзгелер үшін де пайдалы болуы шарт.

### Әдебиетке шолу

Әрбір қоғамдық ортада, топта, тіпті әлеуметтік желіде медиакоммуникативтік құзіреттілігі жоғары адамдар болғаны жөн. Толассыз келіп жатқан көптеген ақпараттарды жіктеп, жіліктеп, сыни тұрғыдан талдап, қоғам үшін маңыздысын айқындап беретіндер болу керек деп санаймыз. Сонда ғана кез келген болашақ маман иелерінің медиақұзіреттіліктері жоғары болады. Медиа-ресурстар кәсіби, коммуникативтік, әлеуметтік және жеке тұлғалық мәселелерді шешуге ықпал етеді.

Кез келген ЖОО студенттерінің медиакоммуникативтік құзіреттіліктерінің құрылымдық мәселелері, оның ішінде шеттілді ақпараттардың ақпараттық кеңістікте орналасуы, оны білім алушылардың оқып, пайдалануы олардың білімдерімен қоса құзіреттіліктерін де, кәсіби біліктіліктерін де арттырады. Демек, шеттілдік ақпараттар ағыны жаһандану заманында әлемдік даму бағытына қарай бет алатындығын да ұмытпау керек. Мұндай ақпараттар ресурстары кәсіби ақпараттардың өзекті арнасы деуге де болады.

Н.И. Чернова мен Н.В. Катахова «Формирование медиакоммуникативной компетентности

в системе предметной подготовки профессиональных кадров в техническом университете» атты зерттеу мақаласын жазу үшін жүргізген сауалнамасында оқытушылар шеттілдік медиамагнәтіндермен жұмыс жасау кезінде қалыптасатын медиа құзіреттіліктерді шешу керек деп санайтындар 18 % да, қалған 88% студенттердің медиакоммуникативтік құзіреттілігінің құрылымы қалыптасу керек деп таниды. Демек, бұл эмпирикадан туындайтын пікір медиакоммуникативтік құзіреттіліктердің адам және қоғам өміріндегі маңызын көрсетеді (Чернова, 2013: 153)[7].

Осылайша, коммуникативтік құзіреттілікті дамыту бойынша іс-шаралар кәсіби білім беру тәжірибесінде орын алады және педагогикалық теорияда жеткілікті дәрежеде дамыған. Зерттеушілер табысты педагогикалық нәтижеге қол жеткізу үшін оның жоғары әлеуетін атап өтеді; болашақ журналистердің шет тіліндегі коммуникативтік құзіреттілігін қалыптастыруда оқытудың интерактивтік әдістерін пайдалану мүмкіндігі аз зерттелді.

Болашақ журналистерді шет тілінде кәсіби даярлау саласындағы ғылыми зерттеулер мен практикалық тәжірибені талдау біздің зерттеуіміздің өзектілігін айқындайтын бірқатар қарама-қайшылықтарды анықтады: қазіргі заманғы журналистерді тілдік білімі мен кәсіби білімін интеграциялай отырып, маман дайындаудың қажеттілігі бүгінгі күні өзекті болып отыр. Сондай-ақ теориялық және практикалық тұрғыдан білімдерін тереңдетіп, болашақ тілші журналистердің шеттілдік құзіреттіліктерін қалыптастыруға арналған арнайы әдістеме мен оқыту кешенінің болмауы мақала тақырыбының негізгі зерттеу нысанына сәйкес журналистік медиақұзіреттілікті төмендетеді.

Жоғары оқу орнында міндетті пән ретінде оқытылатын «Шетел тілі» пәнінің дұрыс игерілуі – журналист мамандығының студенттері үшін медиакоммуникативтік құзіреттілікті дамытудың алғышарты болмақ. Университетте болашақ журналистердің шеттілдік медиакоммуникативтік құзіреттілігін қалыптастыру процесін жетілдірудің жолдары мен тәсілдерін анықтау және оны талдау, сонымен қатар кәсіби құзіреттілік қалыптастыруға деген мүмкіндігін айқындау қажет.

Болашақ журналистердің шеттілдік медиақұзіреттілігін көрсету, жіктеу өзектілігі, қажеттігі мақаламызға негізгі арқау болды.

Қазақ журналистикасы құзыреттіліктерді игеруде шеттілдік медиадан қалыспай келеді десе де болады. Себебі қазіргі ашық кеңістік жағдайында ақпарат алу кеңістігі де интернет арқылы тез орындалады.

*Филология ғылымдарының докторы, профессор Б. Жақып: «Қазіргі телеарна журналистерінің жауапкершілігі мен мүмкіндіктері зор. Біздің заманымызда ұзақ дайындалып барып, байланысқа шығатынбыз. Қазір барлығы цифрланған. Нағыз кәсіби журналист алдымен мемлекеттік тілді білу, одан кейін шет тілін меңгеруі тиіс. Ал одан кейін кәсіби маман үшін цифрлық технологияларды меңгеру маңызды» деген болатын (Бауыржан Ж., 2018: <https://qazaqstan.tv/news/114339/>)[8].*

Ғалым Г. Сұлтанбаеваның аудармасымен шыққан «Медиа және ақпараттық сауаттылық» атты еңбек негізінде осы сала мамандарының игеретін құзыреттіліктері көрсетіледі (Медиа және...2018: 194)[9].

Екіншіден, соңғы кездегі білім беру жүйесінде мультимедиялық технологияны қолдану қарқынды түрде қолға алынып, білім саласының ажырамас бір бөлшегіне айналды. Осылайша қоғамның қажеттілігін өтеу маңызды болды (Pincus, 2016. 747–771)[10]. Біздің заманның журналистикасының әлемдік технологияға қадам басып, журналистерге жаңаша білім беруі дәстүрлі талаптардың артықшылықтарын жоққа шығармайды.

Дәстүрлі журналистикада қалыптасатын құзыреттілік пен интернет-журналистикада қалыптасатын құзыреттілік арасында өзгешелік болатыны айқын. Интернет-журналистика – болашағынан көп нәрсе күттіретін сала. Әлеуметтік орта туралы теория мен деректерді талдай алуға қазіргі журналистердің мүмкіндіктері көбірек.

Цифрландыру онлайн-журналистика саласына біраз жаңа кәсіп иелерінің жұмыс табуына көмектесті. Бұндай өзгерістер журналистика саласының жаңа форматтағы түлектеріне сұраныстың артқанын көрсетті. Жаңа форматтағы журналистердің тек жазумен ғана айналыспайтындығы, интернет-коммуниканттар үшін алгоритм және графика теориясы, желілік ілім, соцстатистика, танымдық психология, топтық басқару туралы білім қоры болуы шарт.

Кейінгі жылдары журналистердің төл құзыреттіліктері біраз өзгерді. А. Амзин өз зерттеуінде өте өзекті құзыреттіліктердің бір

нешеуіне талдау жасап түрлерін көрсетеді (Амзин, 2016: 224)[11].

1. Медиааконвергенция және мультибайланыс ұғымдарын ажырату. Бүгінде журналистердің қызметіне түрлі құзыреттіліктер қосылып уақыт өткен сайын мүмкіндіктері молаюда. Сондықтан журналистің кәсіби қызметі мәтін арқылы жұмыс істеу, журналистиканың визуалды түрімен жұмыс істеу, теледидар журналистерінің мәтін редакциялауы бәрі де жаңа журналистика заманы келсе де, әлі күнге дейін қолданылып келеді. Бұл адамзат еңбегінің ешқашан ескірмейтінін көрсетеді.

2. Сонымен қатар қазіргі кездегі еңбек өнімділігі интернет-журналистика саласында артып келеді. Жаңалықтар дайындау мен оны өңдеуде журналистің қызметі жаңаша құрылды, тәсілі өзгерді. Бүгінгі күн ақпараттың ұлттық сипатынан гөрі немесе құндылығынан гөрі көп оқылатын кезең болды.

### Зерттеу нәтижелері мен талдаулар

Мақала жазу барысында жүргізілген жұмыстар мынадай құзыреттіліктерді қамтитынын көрсетті:

- Танымдық әрекет проблемалық жағдайларды шешуге бағытталған.

- Шеттілдік медиа құралдарды оқу, талдау, қажеттісін тану арқылы кәсіби құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталған.

- Әлеуметтік мәдени қарым-қатынастар өзара түсіністікпен түсініспеушіліктен (конфликтіден) қашу арқылы бір-біріне құрметпен қарауға бағтталған.

- Бағалау мәнді құзыреттілік негізінде шеттілдік ақпаратты тануға, талдауға қабылдау-қабылдамауға бағытталған.

- Ақпараттарды электронды тұрғыда сақтауға бағытталған.

Мәдениетаралық коммуникация құзыреттіліктері үш этапты құрылымнан тұрады. Медиа-коммуникативтік құзыреттіліктерді біз өз тарапымыздан жоғарыдағыдай жіктеуді жөн көрдік. Осы концепцияға сәйкес грамматикалық психоглосса – вербалды-семантикалық деңгей, мотивациялық психоглосса – прагматикалық деңгей тілдік тұлғаның ұлттық тілдік сипатына сәйкес келеді.

Тілдік тұлға деңгейлері тілдік құзыреттілікті, ақпараттық және коммуникативтік құзыреттіліктерді қамтиды. Осылайша біз өз тарапымыздан медиакоммуникативті құзыреттіліктерді осы үш құзыреттіліктің бойына топтаймыз.



1-сурет – Құзыреттіліктер түрі

Болашақ маманның медиакоммуникативтік құзыреттіліктері мынадай критерийлерден тұрады:

- 1) Мотивациялық когнитивті критерий
- 2) Аналитикалық критерий
- 3) Әлеуметтік-мәдени критерий
- 4) Интегративті-тұлғалық критерий

Осы зерттеуді эмпирикалық тұрғыдан жүргізе отырып, статистикалық талдау жасай алдық. Нәтижесінде болашақ маманның дамуының үш деңгейі анықталды.

Шеттілдік лингвистикалық білім алуға қалыптасатын медиакоммуникативті құзыреттіліктер білім берудің барлық академиялық деңгейін қамтиды. Бакалавриатура, магистратура, докторантура білім алушылары бұл тұрғыдан өте сауатты болуы шарт.

Бакалавр, магистратура, докторантура, постдокторантура деңгейлерінің бәрінде де медиакоммуникативтік құзыреттіліктер қызмет ету нысандарында өзінің жемісін береді.

Шеттілдік білім берудегі біздің отандық білім алушылардың медиакоммуникативтік құзыреттіліктер 1) ҚР Білім беру саласының нормативті құжаттарында жазылған құзыреттіліктерге сәйкес келуі керек; 2) тұлғаның жеке қажеттіліктеріне сәйкес келуі керек; 3) жұмыс берушінің талаптарына сәйкес келуі керек; 4) кәсіби әрекеттердің көрінбейтін қажеттіліктеріне сәйкес келуі керек.

1) Бірінші құзыреттілік – медиа мен ақпараттың мәнін демократиялық тұрғыдан түсіну құзыреттілігі. Біз мекен ететін ғаламшарымыздағы әртүрлі халықтар елдік сипаты тұрғысынан дамудың бірнеше және әрқандай бағытын таңдаған. Біздің Қазақстан зайырлы

мемлекет болғандықтан, еліміздегі бұқаралық ақпарат құралдарының дамуы да демократиялық сипатта деп санаймыз. Міне, сондықтан да бірінші кезекте медиа мен ақпараттың мағынасын түсіну құзыреттілігін игеру керек деп ойлаймыз. Көрсетілген құзыреттілікті меңгеру арқылы білім алушы маман (журналист) өз қызметінің негізгі тетіктерін, функцияларын біледі, сипаттайды, идентификациялайды, бағалайды. Журналистика саласында шеттілдік бұқаралық ақпарат құралдарында ой айту, пікір білдіру еркіндігі мәдениетін осы зерттеуімізге негіз болып отырған құзыреттілікті игеру екендігін жұмыс істеу барысында отандық журналистер түсінеді, біледі. Соған лайықты әрекет жасап, ақпаратты және медианы түсіну құзыреттілігін игеруді мақсат етеді. Ақпаратқа қолжетімділік – журналистердің негізгі маңызды, қажетті құқықтарының біріне жатады. Мұндай құзыреттілікке өзге елдердің журналистикасы мен оны игеру, оқу арқылы жетуге, әрекет етуге, қызмет атқаруға болады. Бұған медиасауаттылық пен ақпараттық сауаттылықтың өзара байланысты екенін түсіну арқылы, сонымен қатар журналистің және ел азаматының азаматтық ұстанымын елдің демократиялығын түсіндіріп, сипаттау арқылы жетеді. Бұқаралық ақпарат құралдары плюрализмін түсінеді, тәуелсіз редакцияны қалыптастырады, ақпаратты тексеріп, нақты, анық деректі ақпараттың жеткізілуін қамтамасыз етеді, кәсіби этикалық нормаларды меңгереді. Осы секілді кіші құзыреттіліктер медиа мен ақпараттың мәнін түсіну атты ірі құзыреттіліктің қалыптасуына алып келеді.

2) Екінші құзыреттілік – медиа контент құра алу, жасай алу, пайдалану, өзгелерге ұсыну алу, түсіндіре алу құзыреттілігі. Медиа мәтіндерді талдап және олардың арасындағы байланыстырды түсіну, орнату, сәйкестендіру негізгі міндет болмақ, медиада қалыптасқан стереотиптерді талдауда тәсілдерді анықтап, қолдану, халықаралық стандарттарға негізделген, тәртіп нормаларына сәйкестендірілген жарнама тәсілдерін анықтай алады, талдай және сынай алады, сондай-ақ медиамәтіндердегі мәліметтерді беру-бермеу керектігін, халыққа ұсыну-ұсынбау керектігін зерделей алады; мемлекеттік телерадиокөшендер мен орталықтардың ерекшеліктерін біледі, ішкі даму, жұмысты жүргізу сипаттарын меңгереді.

3) Үшінші құзыреттілік – ақпаратты маңызды, тез әрі сапалы түрде ала алу құзыреттілігі. Азаматтық позициясының мықтылығы пікір білдіргенде анық көрінетін демократиялық дис-

курсты айқын меңгерген, интернеттің зиянды қауіптерімен қоса пайдалы мүмкіндіктерін де меңгереді, мәліметтерді (кітапханалардағы, ғаламтордағы, мерзімді басылымдардағы) қолдану дағдыларын, қызықты, көздеген ақпаратқа қол жеткізу үшін сапалы әрі жылдам әдістерді таңдай алу мүмкіндігін меңгереді; ол үшін іздеп жатқан ақпаратқа қатысты түйін сөздер мен негізгі ұғымдарын, терминдерін анықтайды, потенциалды ақпарат көздерінің түрлері мен типтерін, форматтарын анықтай алады; қабылданған ақпаратты есепке алып, шешімді өздігінен қабылдау критерийлерін жасай алады, сондай-ақ алған ақпаратты өздігінен өңдей алады, жаза алады, тарата алады.

4) Төртінші құзыреттілікте – шеттілдік білім алуға шеттілдік материалдарды сыни тұрғыдан бағалай алады. Қазіргі кезде кез келген ақпаратты сыни тұрғыдан бағалау маңызды саналады. Интернеттегі шеттілдік материалдарды тауып, оларды оқып, өз көзқарасы тұрғысынан сыни тұрғыдан бағалай алады. Бірінші кезекте медиа әлемдегі негізгі ақпарат көздерін, қайнарларын, атап айтқанда, веб-сайттағы, жарнамадағы, деректі материалдардағы, жаңалықтар бағдарламасын бағалауға арналған критерийлерді жіктей алады, нақтылай алады, сонымен қатар түсініктілігі, нақтылығы, бейтараптылығы, фактілердің нақты және шынайылығы сынды критерийлерді жіктей алады; қолдана алады, шынайылық пен манипуляцияның ара жігін айқындай алады; қоғамға ақпарат беруде мәдени, әлеуметтік, мәнмәтіндерді анықтап, медиатеchnологияларды қолданып, түсініп, пайдалана алады, сондай-ақ қоғам мүшесі өзіндік идеяларын қоғам мен әлеуметтік сипатқа сай жүзеге асыра біледі; жаңа, тың мәліметтермен танысқанда бұрынғы өзінде бар біліммен салыстырады, талдайды, синтездейді, қорытынды жасайды, ақпараттың сенімділігін, жасаған қорытындыларының қисындылығын тексереді, визуалды медиа бейнелеріне ақпараттың сәйкестігін айқындайды.

Маман А. Алимжанова өз зерттеуінде журналистің жасауға тиіс қызметтерінің қатарына мыналарды қосады: «Жалған ақпаратты тексеру үшін төмендегі верификация жолдарын ұсынамыз: Жалған ақпарат таратушымен тікелей байланыс орнату; ақпарат таратушының ресурс деңгейін, жарық көрген уақыт көрсеткіштерін анықтау; деректік фактілердің анық-қанығын құзырлы орындардың мәліметтері негізінде тексеру; хабарлама мен шындықтың сәйкестік

деңгейін анықтау. Осы оқиға туралы немесе мазмұны осыған ұқсас басқа да хабарламалар бар ма? Басқа да ақпарат көздерін табу». Аталған қызметтердің бәрі де маманның құзыреттілігіне жатады, медиақұзыреттілік қатарын толықтырады. А. Алимжанова ірі-ірі деректермен жұмыс істейтін медиамаманның *ғылыми, деректі ұғыну, мультимедиялық білімі болу, статистиканы меңгеру, дәстүрлі зерттеуді білу, қауіпсіздікті ажырату, салалық білімді игеру, дерекқорларды білу* секілді құзыреттіліктерді айқындайды (Алимжанова, 2019: 75)[12].

Журналист мамандар өздері оқитын пәндерінің негізінде мынадай құзыреттілік игеретінін Білім беру бағдарламаларынан да көріп отырады. Қазіргі кезде білім беру бағдарламалары ЖОО сайттарында орналасқан. Сол жерден кез келген білім алуға ұмтылған талапкер болсын, студент болсын, ата-аналар да болашақта өздерінің кім болатынын, қандай құзыреттілік игере алатынын көре алады. Шетелдердің экономикалық, саяси, мәдени және әлеуметтік тұрмысындағы БАҚ-тың рөлін танып біледі; Студенттер әр түрлі шетелдің журналист кәсібі туралы жан-жақты ақпарат алады; Қазақстан БАҚ-ғы мораль мәселесіне жазылған ақпараттық материалдарды іріктей білу; ерекшеліктерін танып-білу; өмірдің құндылықтарына жалпы адамзатқа ортақ рухани құндылық адамгершілік құндылық антропологиялық коммуникацияны бағалай алу дағдысын қалыптастырады

Аударма еңбекте: «Медиасауатты болу үшін ең алдымен ақпараттық иммунитет жүйені нығайтып, ақпараттық гигиенаны сақтау керек. Индет басталған уақытта коронавирустан қорғанудың басты талабы қарапайым тазалықты сақтау, қолды жиі жуу болса, медиа білімді қалыптастырудағы алғышарт та тура осындай. Ол – ең алдымен ақпаратпен сапалы жұмыс істеу» деген пікір келтірілген (Медиасауаттылық..., 92) [13].

5) Бесінші құзыреттілік – заманауи және дәстүрлі медиаформаттарды қолдана алу құзыреттілігі.

Бұл құзыреттілік санды монтаж және компьютерлік ретуштауды, негізгі ойды беру үшін түрлі әрекеттерді пайдаланып, әр қырынан түсіруді меңгереді. Коммуникация құралдары арқылы онлайн түрде ақпаратты жинау және оны өзектендіріп, жариялай алады сандық технологиямен байланыстыруды біледі.

6) Алтыншы құзыреттілікке әлеуметтік-мәдени контекстегі медиаконтентті анықтау, иге-

ру жатады. Бұл медиконтенттердің әлеуметтік-мәдени контекстерін анықтау құзыреттіліктерін игереді. Бұл құзыреттілікте де ақпарат еркіндігі мен азаматтық ұстаным басты мақсат болуы тиіс. Осы құзыреттілігін пайдалануда өзгелердің ақпаратқа қолжетімділігі, демократиялық дискурсы және өмір бойы білім алу идеясы негізгі желі болуы шарт. Осы контентті құруда жаңалықтарды, ақпараттарды беру этикасын түсіне отырып игереді.

Бұндай құзыреттіліктер нәтижесінде білім алушылар контенттер дайындауда түрлі позиция мен көзқарастағы медиамәтіндер, мәдениетаралық диалог құра алады, түрлі ұтымды идеяларды бере алады, визуалды медиамағынаны беру және монтаждау әсерін түсіну құзыреттіліктерін игереді.

7) Жетінші, адамзатқа медиа және ақпараттық сауаттылықтың болу қажеттілігін түсіндіре алу құзыреттілігін игереді. Бұл дегеніміз – қажетті ақпаратты көп ақпараттың ішінен іріктеп ала алу құзыреттілігі, қажеттісін тани алуы, бар ақпаратты сіңіре бермей, қажет емесін алмау, журналистика саласындағы өгерістерді басқару құзыреттіліктеріне ие бола алады.

Бұл құзыреттілікті меңгеру нәтижесінде білім алушы тәжірибелік тапсырмаларды кең көлемде түсініп, орындауда тиісті ақпаратты алуға қажетті ақпараттық іздеу жүйелері құралдарын таңдай алады, өзгелерге таңдауға, жіктеуге, анализдеп, синтездеуге көмектеседі. Білім алушыларға ақпарат пен оның көздерін сыни тұрғыда бағалауға мүмкіндік береді, сапалы вербалды және бейвербалды коммуникацияның медиа әдістерін біледі, студенттердің белсенді ізденуіне жол ашады, ұжымдық жұмысқа және еркін, ашық коммуникацияға ынталы болады, студенттің сынай оқу, зерттеу, көру, тыңдай алу дағдыларын дамыту үшін формативті және критериалды бағалау стратегиясын түсінеді, қолданады, студенттің шеттілдік білім алуының арқасында әлемдік журналистикада өзіндік орнын табуы, бұқаралық ақпарат құралдары сауаттылығын пайдаланып, сауатты журналист бола алады.

Болашақ құзыреттілігі жоғары журналист медиа мен ақпаратты бағалай алады, медиа және ақпараттық сауаттылыққа байланысты этикалық сұрақтарды түсіне алады. Журналистке Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 274-бабын еске салу керек. 1) жалған ақпарат таратуға қатысты жаза бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл

салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не төрт жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айырылатынын есіне салған жөн. Ең ауыры – 2) «төтенше жағдай кезінде немесе ұрыс жағдайында немесе соғыс уақытында не жария іс-шаралар өткізу кезінде жасалған іс-әрекеттер үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады» дегенді білу керек (Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі, <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226>)[14].

Біз өз тарапымыздан 8- құзыреттілікті қосқымыз келеді. Бұл құзыреттілік – тек медиа тұрғысынан ғана сауатты емес, сонымен бірге заңдық сауаттылығы да жоғары болу керек. Себебі журналистер қоғамдағы болып жатқан барлық мәліметтерді бірінші жеткізуге ұмтылуда бұл тұрғыда өте абай болу керек деп санаймыз. Бұл заңдық сауаттылық құзыреттілігін меңгеруде журналист мынадай құзыреттіліктерді де меңгеру керек: шеттілдік ақпараттарды таратудың заңдылығын білу; шеттілдік бейнематериалдарды, бейнелерді, суреттерді жариялау құқығы туралы заңды білу қажет.

### Қорытынды

Қорыта келгенде, ЖОО-да кез келген мамандық иелері шеттілдік білім алатыны секілді журналистер де шеттілдік білімді игереді. Осы құзыреттілік негізінде журналистер негізгі мамандығына сәйкес медиа коммуникативтік құзыреттіліктерді меңгеру қажет. 1) Қазақстан зайырлы мемлекет болғандықтан, бірінші кезекте медиамен ақпараттың мағынасын демократиялық тұрғыда түсіну құзыреттілігін шет тілінде игеру керек; 2) шеттілдік медиа контентті және оларды қолдану-қолданбау қажеттілігін білу керек; 3) әр уақытта сапалы шеттілдік ақпаратқа тез қол жеткізу керек; 4) шеттілдік медиәлемдегі негізгі ақпарат көздерін, атап айтқанда, веб-сайттағы, жарнамадағы, деректі материалдардағы, жаңалықтар бағдарламасындағы мәліметтерді сыни тұрғыдан бағалай алу құзыреттілігін меңгереді; 5) шеттілдік жаңа және дәстүрлі медиаформаттарды қолдана алу құзыреттілігі болу керек; 6) әлеуметтік-мәдени контекстегі шеттілдік медиаконтентті анықтайды, қалыптастырады; 7) адамзатқа медиа және ақпараттық



сауаттылықтың болу қажеттілігін шет тілінде түсіндіре алу құзыреттілігін игереді; 8) шеттілдік заңдық құзыреттіліктерді игереді. Бұл көрсетілгендер журналистің шеттілдік білім алу-да қалыптастыратын құзыреттіліктер қатарын толықтырады.

#### Әдебиеттер

1. Вербицкий А.А. Компетентный подход и теория контекстного обучения: материалы к четвертому заседанию методологического семинара. – М.: Исследовательский центр проблем качества подготовки специалистов, 2004. – 84 с.
2. Борисова Н.В. Образовательные технологии как объект педагогического выбора. – М.: Исследовательский центр качества подготовки специалистов, 2000. – 146 с.
3. Пешня И. С. Интерактивные технологии обучения как средство развития профессиональной компетентности курсанта военизированного вуза: дис. канд. наук: 13.00.01. – Иркутск: Иркутский институт повышения квалификации работников образования, 2005. – 176 с.
4. Цыренжапова С. Д. Интерактивное обучение как средство формирования иноязычной коммуникативной компетентности будущих юристов: дис. канд. наук: 13.00.01. – Улан-Удэ: Бурятский государственный университет, 2011. – 193 с.
5. Рафикова Р. М. Интерактивные технологии обучения, как средство развития творческих способностей студентов – М.: РГБ, 2007. – 186 с.
6. Рогинко Е. В. И Интерактивные методы обучения студентов иноязычному профессиональному общению на основе текстов по специальности (английский язык; технический вуз): дис. канд. пед. наук. – М.: РГБ, 2010. – 169 с.
7. Чернова Н. И., Катахова Н. В. Формирование медиакоммуникативной компетентности в системе предметной подготовки профессиональных кадров в техническом университете // Мир образования-образование в мире. – 2013. – №. 4. – С. 153-160.
8. Б.Жақып. Кәсіби журналист үшін цифрлық технологияларды меңгеру маңызы. [Электрон. ресурс]. – 2018. – URL: <https://qazaqstan.tv/news/114339/> (кіру күні 22.09.21.)
9. Кэролайн Уилсон, Алтон Гриззл, Рамон Туазон [және т.б.]. Медиа және ақпараттық сауаттылық: оқытушыларға көмекші құрал. орыс тілінен ауд.: Г. Сұлтанбаева, Б. Әліқожа. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 194 б.
10. Pincus, H., Wojcieszak, M., & Boomgarden, H. (2017). Do multimedia matter? Cognitive and affective effects of embedded multimedia journalism. *Journalism & Mass Communication Quarterly*, 94(3), 747-771. <https://doi.org/10.1177/1077699016654679>
11. Амзин А.А., Галустян А.Н., Кульчицкая Д.Ю. Как новые медиа изменили журналистику. 2012-2016. – Екатеринбург: Гуманитарный университет, 2016. – 304 с.
12. Алимжанова А.Б. Мультимедиалық журналистикадағы жаңа технологиялар: генезис, ерекшелік, эстетикалық қағидаттар. 6D050400 – Журналистика. Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2019. – 130 б.
13. Текенова Ә.М., Тулебаева С.К. Медиа сауаттылық және фактчекинг (коронавирус туралы таралған фейк мысалында). [Электрон. ресурс]. – 2020. – URL: <https://www.enu.kz/pictures/may-2020/nio-2020-13.pdf> (кіру күні 22.09.21.)
14. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ. [Электрон. ресурс]. – 2014. – URL: (<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226>) (кіру күні 22.09.21.)

#### References

- Alimjanova A.B. (2019). *Multimedialyq jurnalistikadaǵy jańa tehnologialar: genezis, erekshelik, estetikalyq qaǵidattar*[New technologies in multimedia journalism: genesis, uniqueness, aesthetic principles].[Doctoral Dissertation, Al-Farabi KazNU]. (in Kazakh)
- Amzin A. A., Galustjan A. N., Kul'chickaja D. Ju. (2016). *Kak novye media izmenili zhurnalistiku 2012-2016*[How new media have changed journalism 2012-2016]. Humanitarian university. (in Russian)
- B. Jaqyp. ( 2018, February 27). *Kásibi jurnalıs usın sıfırlıq tehnologıalardy meńgeru mańyzy*[Digital technologies are essential for professional journalism]. Qazaqstan TV . <https://qazaqstan.tv/news/114339/>(in Kazakh)
- Borisova N.V. (2000). *Obrazovatel'nye tehnologii kak obekt pedagogicheskogo vybora*[Educational technologies as an object of pedagogical choice]. Research Center for Quality Problems in Training Specialists. (in Russian)
- Chernova N. I., Katahova N. V. (2013). *Formirovanie mediakommunikativnoj kompetentnosti v sisteme predmetnoj podgotovki professional'nyh kadrov v tehničeskom universitete*[Formation of media communicative competence in the system of subject training of professional personnel at a technical university] . *World of education –education in the world*, no 4, pp. 153-160. (in Russian)
- Cyrenzhapova S. D. (2011). *Interaktivnoe obuchenie kak sredstvo formirovanija inojazychnoj kommunikativnoj kompetentnosti budushih juristov*[Interactive learning as a means of forming a foreign language communicative competence of future lawyers] .[Doctoral dissertation, Buryat State University] (in Russian)
- Kerolain Uilson, Alton Grizzl, Ramon Tuazon. (2018). *Media jáne aqparattyq sauattylyq: oqytuşylarǵa kómekshı qural. orys tilinen aud.: G. Sultánbaeva, B. Álıqoja.* [Media and information literacy: teaching aids. From the Russian language: G. Sultanbaeva, B. Alikoja] . Qazaq University. (in Kazakh)

Peshnja I. S. (2005). Interaktivnye tehnologii obuchenija kak sredstvo razvitija professional'noj kompetentnosti kursanta voenizirovannogo vuza[Interactive learning technologies as a means of developing the professional competence of a cadet of a paramilitary university]. [Doctoral dissertation, Irkutsk Institute for Advanced Studies of Educational Workers] (in Russian)

Pincus, H., Wojcieszak, M., & Boomgarden, H. (2017). Do multimedia matter? Cognitive and affective effects of embedded multimedia journalism. *Journalism & Mass Communication Quarterly*, 94(3), 747-771. <https://doi.org/10.1177/1077699016654679>

Qazaqstan Respublikasynyñ Qylmystyq kodeksi. Qazaqstan Respublikasynyñ Kodeksi 2014 jylǵy 3 şildedegı № 226-V QRZ. (2014,3 July). [Criminal Code of the Republic of Kazakhstan. Code of the Republic of Kazakhstan dated July 3, 2014 No. 226-V RKZ]. Adilet. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226>(in Kazakh)

Rafikova R. M. (2007). Interaktivnye tehnologii obuchenija kak sredstvo razvitija tvorcheskih sposobnostej studentov[Interactive learning technologies as a means of developing students' creative abilities]. Russian State library. (in Russian)

Roginko E. V. (2010). Interaktivnye metody obuchenija studentov inozazychnomu professional'nomu obshheniju na osnove tekstov po special'nosti[Interactive methods of teaching students foreign language professional communication based on specialty texts] ]. [Doctoral dissertation, Russian State Library] (in Russian)

Tekenova Ä.M., Tulebaeva S.K. (2020). Mediasauattylyq jáne fakcheking (koronavirus turaly taralǵan feik mysalynda)[ Media literacy and fact-checking (in the example of a spread fake about the coronavirus)]. ENU. <https://www.enu.kz/pictures/may-2020/nio-2020-13.pdf>(in Kazakh)

Verbickij A.A. (2004). Kompetentnostnyj podhod i teoriya kontekstnogo obuchenija : materialy k chetvertomu zasedaniju metodologicheskogo seminar[Competence-based approach and the theory of contextual learning: materials for the fourth session of the methodological seminar]. Research Center for Quality Problems in Training Specialists. (in Russian)